

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімінің «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды
реттеуге арналған отырыстың
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

06.03.2026 жыл

Тараз қаласы

ТӨРАЙЫМ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Ж.Ш.Маниева
ХАТШЫ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының әдіскері А.Е.Қыстаубай

ҚАТЫСҚАНДАР: 20
ҚАТЫСПАҒАНДАР: 6

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Қазақстан Республикасының пара алу және беру әрекеттері заңға қайшы»

1. ТЫНДАЛДЫ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының педагог-психологі Сарсенбаева Улзира Туймуратовна «Қазақстан Республикасының пара алу және беру әрекеттері заңға қайшы» тақырыбындағы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: «№47 «Балауса» бөбекжай-бақшасының педагог-психологі Сарсенбаева Улзира Туймуратовна сөз алып Қазақстан Республикасында пара алу және беру заңға қайшы және бұл жағдайларда Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс қолданылады. Егер ақша, өзге мүлік, материалдық қызмет көрсету түріндегі мүліктік пайда лауазымды адамның келісімімен оның туыстары мен жақындарына бірлесе немесе егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттігін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның іс-әрекетін пара алу деп саралау керек.

Пара алу – ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе қорқытып алумен бірге жүретін болса, ол лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар алу мен пайда көруден тұрады. Пара беру – лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге немесе берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасында пара алу және беру әрекеттері заңға қайшы және бұл жағдайларда Қылмыстық кодекспен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс міндетті түрде қолданылсын.

**Төрайым
Хатшы**



**Ж.Ш.Маниева
А.Е.Қыстаубай**